# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2025 жылғы 15 тамыз іс №1912-24-00-2/1234 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ш.Н.Ргебек
сот отырысының хатшысы А. Қойтан ала отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Алматы облысы «Іле ауданы Өтеген батыр ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
«SAM Building» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

**ҚАРСЫ ТАЛАП ҚОЮЫШЫНЫҢ ТАЛАБЫ;**
«Іле ауданының - Өтеген батыр ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесімен «SAM Building» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен 2025 жылы 6 наурыздағы 124/25-2 келісім шарт біржақты тәртіппен бұзылғаны заңсыз деп танылып, ішінара орындалған деп танылсын.
Шартты орындауды қамтамасыз ету сомасын қайтаруға

**СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:**
Талап қоюшының өкілі
Жауапкердің өкілі

## СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Тапсырыс беруші» деп аталатын «Іле ауданының - Өтеген батыр ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, Ереже негізінде әрекет ететін округ әкімі Омаров Тулеген Анварбекович атынан бір тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын "SAM Building" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Басшысы Акимкулов Акжол Рабатович атынан әрекет

Құжатқа қол қойылған: Ргебек Ш. Н., 19.08.2025
Заңды күшіне енген күні: 19.09.2025, судья Ргебек Ш. Н., 01.10.2025
1912-25-3-1/1288

ететін екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және 2025-02-28 № 14131963-ЗЦП1 «Бағалы ұсынныстарға сұраным» тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасты.

Шарттың жалпы сомасы 16 576 000 (он алты миллион бес жүз жетпіс алты мың) теңге құрайды, оның ішінде ҚҚС 1 776 000 тенге (бір миллион жеті жүз жетпіс алты мың) тенге. Келісім-шарт атауы - Іле ауданы Өтеген батыр округінің аумақтарын абаттандыру және тазалау (саябақтар мен сквердерге қызмет көрсету). Жұмыстың аяқталу мерзімі 2025 жылы желтоқсандағы 31-і. Өнім берушіге Іле ауданы Өтеген батыр округінің аумақтарын абаттандыру және тазалау (саябақтар мен сквердерге қызмет көрсету) жұмыстары техникалық сипаттамаға сәйкес жұмыстар орындалмағандығы туралы хабарлама жіберілді.

Шарттың 5.3 тармағына сәйкес Өнім беруші тексеру сәтінен бастап (хабарламалар жіберілген сәттен) 2 күн ішінде, яғни 2025 жылғы 4 мамырға дейін Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды, бірақ Өнім беруші тарапынан, хабараламада көрсетілген мерзімде, ешқандай әрекеттер қабылданған жоқ.

Шарттың 4.1-тармағы негізінде, Өнім беруші - Шарт күшіне енген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жалпы 828 800 (сегіз жүз жиырма сегіз мың сегіз жүз) теңге құрайтын Шарттың жалпы сомасының 828 800 теңгеге тең 5 (бес) пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын енгізуге міндеттенеді, бірақ Өнім беруші тарапынан аталған сомасы еңгізілмеді. Аталған бұзушылық бойынша хабарлама жіберілді және 2025 жылдың 09 сәуірінде 5 (бес) пайызы мерзімінен кешіктіріліп енгізілді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, 2025 жылдың 13 мамырында Тапсырыс беруші Өнім берушіге мемлекеттік сатып алу порталы арқылы келісім-шартта көрсетілген қызметті орындамағаны үшін шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жіберілді. Аталған хабарламаны Өнім беруші 2025 жылдың 13 мамырында таныс болды. Осыған байланысты, 2025 жылғы 12 маусымында мемлекеттік сатып алу порталы арқылы Шарт біржақты бұзылды деп есептелінеді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 4-тармағының 2-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесіне енгізіледі.

Осыған байланысты талап қоюшының тарапынан осы талап қою сотқа жүгінген.

Жауапкер ішінара талап қоюды мойындамай, қарсы талап қоюмен сотқа жүгінді.

## <u>**УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:**</u>

Құжатқа қол қойылған: Ргебек Ш. Н., 19.08.2025
Заңды күшіне енген күні: 19.09.2025, судья Ргебек Ш. Н., 01.10.2025
1912-25-3-1/1288

Қазақстан Республикасы Азаматтық процесстік кодексінің /АПК/ 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚР Заңының (бұдан әрі – заң) 12-бабы 1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Уәкілетті орган мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімін қалыптастырады және оларға Заңның 12-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкесөздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілер тізбесін білдіреді. Осылайша, Жауапкер шарт бойынша міндеттеменің орындалмауына байланысты Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілуі тиіс.

Тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай жауапкер өзіне алған міндеттерің толығымен орындамаған. Осы себебте екі тараптардың арасында жасалған шарт талап қоюшынын тарапынан бір жақты бұзылды.

Осы негіздерді басшыдлыққа ала отырып, сот Талап қоюшы Алматы облысы, «Іле ауданының - Өтеген батыр ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі жауапкер БСН 201140001907 «SAM Building» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қатысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылуға жатады деп тұжырымдайды.

АПК-нің 117 -бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіруге жатады, себебі талап қою қанағаттандырылды.

Қарсы талап қою ішінара қанағаттандырылуға жатады.

Сот отырысында анықталғандай, 2025 жылы 6 наурыздағы 124/25-2 келісім шарт біржақты тәртіппен бұзылған. Бірақ маусым айнда 2025 келісім шарттың жақтары жартылай жұмыс орындалған туралы актіге қол қойып, ішінара сол акт бойынша мемлекеттік мекеме ақша аударды. Сондықтан, келісім шарт біржақты бұзылғаны заңсыз деп саналады, ол ішінара орындалған деп бұзылуы қажет.

Басқа бөлігінде қарсы талап қоюы – қанағаттандырусыз қалдыруға жатады.

**<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>**

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Құжатқа қол қойылған: Ргебек Ш. Н., 19.08.2025
Заңды күшіне енген күні: 19.09.2025, судья Ргебек Ш. Н., 01.10.2025
1912-25-3-1/1288

Талап қоюшы БСН 130240026383 Алматы облысы, «Іле ауданының - Өтеген батыр ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі жауапкер БСН 201140001907 «SAM Building» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қатысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

«SAM Building» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«SAM Building» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атынан жергілікті бюджетке 1 966 (бір мын тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Қарсы талап қою ішінара қанағаттандырылсын.

«Іле ауданының - Өтеген батыр ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесімен «SAM Building» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен 2025 жылы 6 наурыздағы 124/25-2 келісім шарт біржақты тәртіппен бұзылғаны заңсыз деп танылып, ішінара орындалған деп танылсын.

Басқа бөлігінде қарсы талап қоюы – қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

**Судья** **Ш.Н.Ргебек**

Құжатқа қол қойылған: Ргебек Ш. Н., 19.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 19.09.2025, судья Ргебек Ш. Н., 01.10.2025